

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯН ДЕРЕКТЕРІ

Ерболұлы Сағынғали E-mail: erbol\_1995@mail.ru тарих 2 курс магистранты  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., қаум.профессор – Бердіғожин Л.Б.

Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында туған. Әкесі Мөңке кедей, шаруа адам болыпты. Мұраттың шыққан тегі, әулеті, өмірбаяны жөнінде түрлі нұсқадағы деректер көп жинақталған. Олардың бірқатары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында және академияның Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы. 1947 жылы Ғылым академиясының экспедициясы құрамында жолға шығып, деректер жинаған Берік Қорқытов акынның әулетін былайша түзеді: «Мұраттың әкесі Мөңке, оның әкесі Аман, оның әкесі Рахпан, оның әкесі Жиенбай, оның әкесі Байбоз, оның әкесі Аққұлы». Ал акынмен аталас боп келетін атыраулық журналист Қырықбай Бекбаев Мұраттың тегін былай таратады: «Мұрат кіші жүздегі он екі ата Байұлынан тарайды. Байұлының Беріш аталығынан. Беріштен - Байсейіт. Байсейіттен - Қитас, Тілес туады. Тілестен - Бөкен, Қаратоқай. Қаратоқайдың - Айтболат, Аққұлы, Андықожа, Шындеке, Бердіке деген бес баласы болған. Аққұлының кіндігінен Қарабас, Жиенбай, Өтеғұл, Маман, Құлсары, Жарылғасын деген алты бала жаралады. Жиенбайдан Рапқан, одан Аман, одан Мөңке туады. Мұрат Мөңкенің екінші ұлы...». 1947 жылдан бастап ғылыми экспедициялар арқылы жинақталған мәліметтерде М.Мөңкеұлы 1842 жылы туған деп те көрсетіледі. Халел Досмұхамедұлының Мұрат өмірбаяны жөніндегі деректеріне сүйеніп және мұның акынның өзі жайында баспа бетін көрген алғашқы мәлімет екенін ескере келіп, Мұрат Мөңкеұлын 1843 жылы туған деп топшылауға болады. Акын күз айларының бірінде дүниеге келген болуы керек. Олай дейтініміз, атыраулық ардагер Ғатиық Маштақовтың Отан соғысында хабарсыз кеткен немере ағасы Мұрат Тәженовтың дәптерінен көшіріп алған жазбасы бойынша жариялаған «Ұрпаққа мұра қалдыру парыз» деген мақаласында мынандай жәйттер баяндалған. Мұраттың 11-12 жастағы кезі болса керек. Шаруасы келіскен жақын ағайынының бірі оны ауа жайылып кеткен бір үйір қысырағын айдап келуге жұмсайды. «Тауып келсең, бір тай мінгіземін» деп үміттендіреді. Бірнеше күннен кейін Мұрат «Жылқыны таба алмадым» деп қайтып келеді. Бұрыннан да шаруаға қыры шамалы балаға ағасы: «Әй, сен сорлы, бұл қырсығыңмен кедейліктен көз ашпассың-ау. Мен енді сен баладан күдер үздім» деп зекиді. Сонда бала Мұрат: Аға-еке, бұл баладан күдер үзбе Одан да мінгізетін тайыңды ізде 549 Иншалла ырыздықтан кенде болман, Келішпін дүниеге қоныр күзде Кесірін қысырақтың айғырдан көр, Үйірін қайырмаған сылбырдан көр Баланы қуантқаннан кеміессің Кұдайым қабыл етсін, ақымды бер, - депті. Міне, осындай деректер Мұрат өмірбаянының көмескіленген тұстарын мейлінше айқындай түседі. Мұраттай сөз зергерінің ақындық қабілеті, тек-тағайы қайдан бастау алған деген ой оның әкесі туралы мәліметтерге көбірек ден қоюымызға жетеледі. Ақын өмірін біршама зерттеген ғалымдардың бірі Ханғали Сүйіншәлиев «XIX ғасыр әдебиеті» атты кітабында: «Әкесі Мөңке өз еліне аты мәлім дәулетті адам. Тайсойған, Қарабау жерлерін мекендеген Қаратоқай ұлыстарының белді биі» деп жазды. Ал Сәбит Мұқановтың, Қажым Жұмалиевтің, Ысқақ Дүйсенбаевтың ақын туралы зерттеу еңбектерінде Мұраттың әкесі Мөңке кедей шаруа әрі момың адам болған деп көрсетіледі. Атырау облыстық «Атырау» газетінің «Атамекен» қосымшасында «Мөңке мен Сырым бидің кездесуі» атты мақала жарияланды. Сол мақаланың авторы М.Нығметоллаев осы өңірге аты мәлім Мөңке бидің атақты Сырыммен жүздескенін баяндайды. Бұл сәтте бидің кенже баласы Мұрат ақын үйленуге әзірленіп жатады - мыс.

Ұзамай-ақ, осы басылымда бұл деректі теріске шығарған «Мөңке биді білеміз бе?» деген тағы бір мақала жарық көрді. Еңбек ардагері Ғатиық Маштақов жоғарыда аталған аңыз әңгімедегі Сырыммен кездесетін Мөңке Мұраттың әкесі емес екенін дәлелдеп шыққан. Ол «Сырым 1802 жылы өмірден өтті, ал 1843 жылы туған Мұраттың әкесі ол кезде жас бала болуы керек. Онын үстіне ақынның әкесі би болды дегенді естіген емеспіз» деген тұжырымды алға тартады. Бұл жерде Мөңкенің ауқатты не кедей болғанына тіреліп тұрған дәнеңе де жоқ. Тек ақын өмірбаянын нақтылай түсу мақсатымен ғана осы бір мәселеге тереңірек үнілгенді жөн көрдік. С. Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев зерттеулерінде ақынның шыққан тегін кедей еді деп көрсету сол кездегі саясатқа орайластыру үшін қажет болды ма деген күдік те туады. Атырау облысының көнекөз қариялары Мұратты бидің баласы болған деп есептемейді. Мұраттың әкесі туралы азын-аулақ деректерге қарағанда оның бойында ақындық өнер болмаған. Мұратқа жырқұмарлық нағашы жұртынан дарыған деседі. Онын белді нағашылары Азамат, Самат, Саламат деген кісілер болыпты. Ақынның шешесінің аты - Қырықжылқы Руы - адай, оның ішінде Қараша. Қараман деген кісінің қызы. Қырықжылқы атануының мәнісі мынада. Өмірге сәби келіп жатқанда біреу: «Не туды?» деп сұраса керек. Сонда «Қыз туды» дегенді тұспалдағандар: «Дүниеге қырық жылқы келді» депті. Осыны құлағы шалған әке-шешесі ырымшылдықпен перзентіне сол есімді таңа салған. Әйел затына мұндай есімнің ерсілеу көрінетінін тәубешіл халқымыз әркез естен шығарған ғой. «Қарасай-Қази» жырындағы Орақ пен Мамайдың шешесінің Қараүлек, тіпті атақты Жәңгірдің әкесі Бөкейдің әйелінің Атан аталуы да осындай себептерге байланысты болуы мүмкін. «Мұраттың шешесі Қырықжылқы әнші әрі Ақын екен. Мұраттың бала күнінен ақындықты ансауына бір жөннен себеп болған, оны алғаш ақындыққа баулыған сол өз шешесі болса керек». Мөңкенің үлкен ұлы - Матай. Матай да жұртшылыққа белгілі ақын болыпты. Кейін ол Мұраттың ақындық даңқының көлеңкесінде қалып қойған сияқты. Жылқышы ақынмен айтысқа алғаш Мұрат емес Матай әзірленген. Есет бидің ұйғарымымен жыр сайысында Мұрат шығады. Халықтың Мұратты көп дәріптеп, Матайды ұмытып кеткені болмаса, өз тұсында ол да ел ақыны атанған. Матай бірде Қаратоқай Жапарберді батырдан киіз басу үшін ши сұрап келіпті. Сол уақытта сексен жас шамасындағы Жапарберді ұй сыртында отырған көрінеді. «Матай, неге келдің?» деп сұрайды батыр. Матай: «Киіз басатын ши сұрай келдім» депті. Жапарберді «Ши сұрағандай бұлың бар ма?» дейді. Матай былай деп жауап беріпті: Ер бала, жас күнінде атқа міндің. Үстіне тәуекелдің тонын кидің Қаройдан Қайып-Қулкеш шабылғанда Қара атпен Жалғыз жетіп шеттен тидің Қара атпен шеттен тидің жалғыз жетіп, Сол күнде қатарыңнан кеттің өтіп. Турікпеннің көзге шанышқан көкжалдарын 550 Бөрідей бөріктің дөңгелентіп Ойласам ер Шығады ер сойынан, Сен шықтың жағаласып көп ойынан Қабандай қарсы келсең қақ жарасың Қара қан төгілгенде ат мойнынан Қабандай қарсы келсе қақ жарған ер, Қайратын көріп дұшпан танданған ер, Дұшпанмен қарсы келіп жанасқанда Шаншылып айдаһардай шамданған ер. Сонда Жапарберді: «Матайым болайын деп тұр екен, керегін болса ала ғой», - депті. Бұл дерек Матайдың суырыпсалма ақын болғанын айғақтайды. Бұдан Мұрат шыққан әулеттің өлең сөзге таласы бар екенін көреміз. Мұрат өзінің ақын екенін жеті жасында, қой бағып жүрген кезінде-ақ байқатады. Қаратоқай руынан шыққан қадірлі азаматтардың бірі Барахат деген кісі қой жайып жүрген Мұратты сынамақ ниетпен бір ауыз өлең айтады: Ойнайды кара суда құтты балық, Жолықпай бұл баладан құтылалық, Томпаңдап қой соңында жүгіресің Әкенді жас басыңнан жұтып алып Сонда мұрат іле-шала Бәсе, ойнайды кара суда құтты балық, Жолықпай біз де шалдан құтылалық Көлбектеп ат үстінде сен де жүрсің, Ағанды алдындағы жұтып алып, - деп ойланбастан жауап берген екен. Сөзге тоқтаған Барахат Матайға баланы ертіп кеп: «Інінді ақын деп естуші едім, рас екен. Болайын деп тұрған бала. Сен енді мұны қой бағудан босат», - деп ақылын айтыпты. Қайымдасу

үлгісіндегі осы сөз қағыстыру біріншіден Мұраттың ақындық қабілетін байқатса, екіншіден Барахаттын өз сөзінің нұсқасымен жауап беруі шеберлігін де көрсетсе керек. Мұраттың бала кезіндегі өлендерінен бізге жеткені осы ғана. Ақын мұрасын жинаушылардың жазбаларының бірінде бұл өлең Мұраттың Құлбарақ батырға айтқаны делінеді. Ал қалған нұсқаларда Барахат биге айтқаны деп көрсетілген. Барахат би жөнінде бұдан басқа ешқандай мәлімет жоқ. Мұрат есейе келе айтысқа ден қойған. Ол туып өскен Атырау өңірі айтыс ақындарынан кенде емес еді. Жасынан ойын-сауыққа араласып, сал серілерге ілесіп, жиын-тойдан қалмайтын Мұрат солардың сөз сайысынан нәр алып, айтысқа бейімдігін көрсете бастайды. Ал ақын деген қадірлі атақты алу үшін сол кездегі қазақ дәстүрі бойынша белгілі деген бірнеше ақынмен айтысып сыннан өту, жүлде алу шарт еді. Мұраттың айтысқа шығуы үшін бойына біткен ақындық қабілеті, тапқырлығы аздық етеді. Енді жас Мұратты Қаратоқай руының белді биі Есеттің өзі баулып, ел мен жердің тарихы жөнінде жалықпай әңгімелеп, рулардың шежіресіне жетік болуға үйретеді. Әр рудың батырлары мен билері, мақтаулы адамдары жайында мол мағлұмат беріп, әр жұрттың сүйегіне таңба болып есептелетін келеңсіз жәйттердің жай- жапсарына қанықтырады. Рулардың тегін, дәстүрін жете ұғындырып, ағайынның бетіне шіркеу болатын олқылықтарды іліп алып, әжуаға айналдыруға машықтандырады. «Кіші жүз тарихында белгілі үш Есет бар. Біріншісі - Жонғар басқыншылығына қарсы күресте даңқы шыққан, Россия патшасына қол берген Әбілқайыр ханды сүйеген Есет батыр (Атақты қанжығалы Бөгенбай батырдың күйеу баласы). Екіншісі - шекті ішіндегі тілеуқабақ Есет Көтібаров... Үшіншісі - байұлы ішіндегі алаша руы, одан Қазыбек, Қазыбектен тарайтын қойсары бөлімінің қазағы Есет батыр» деп жазды Б.Аманшин. Осы үшеуінен абырой-беделі бір де кем емес төртінші Есет - Есет Қараұлы (1778-1868) жұртшылыққа айыр тілді шешен, қара қылды қақ жарған әділ би, қол бастаған батыр ретінде танылған. Кәдімгі «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» жинақтарына «Тауға біткен қайыңның, солқылдар басы жел өтсе» деп басталатын өсиет өлеңі енген Есет бидің өзі. Мұраттың ұстазы болған Есет осы. 551

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:** 1. Тоқаев Қ.К.Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан \\Егемен Қазақстан.5 қаңтар 2020 жыл. 2. Марғұлан Ә. Эпостың жыр туырудағы тарихи мұралар // Халық мұғалімі. 1940. №4. 3.Досмұхамедұлы Х. Аламан.Алматы, 1991. 4. Досмұхамедұлы Х. Мұрат ақын сөздері, Ташкент, 1924. 5. Омарұлы Б.Мұрат Мөңкеұлы. А., 1993. -216 б. 6. Қорқытов Б.Атырау билері мен батырлары. Алматы, 1992.- 216